

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2021 жылғы ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша есебі

Ғылыми-зерттеу жұмысы Abai University-дің 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Мәселен, 2021 жылы 5 жыл мерзімге субъект және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет ретінде ҚР БҒМ аккредитациясы сәтті өтті. Аккредиттеу туралы куәлік 2021 жылғы 1 қарашада алынды, сериясы МК № 000268. «Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ 2022-2025 жылдарға арналған даму стратегиясының 4.2 «Abai University – педагогикалық зерттеу университеті» тармағына сәйкес, мақсаты гранттық өтінімдердің сапасы мен ғылыми мәселелердің ашықтығына ішкі бақылау жүйесін енгізу болып табылатын Ғылыми-консультативтік кеңес құрылды.

Абай атындағы ҚазҰПУ-да қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобалары іске асырылуда. Барлығы – жалпы сомасы 385 239 450,25 теңгеге 48 жоба.

Оның ішінде ҚР БҒМ гранттары бойынша республикалық бюджеттен – 4 жоба – жалпы сомасы 208 874 450,25 теңге.

2021 жылы университеттің өз қаражаты есебінен 176 млн. 365 мың теңге бөлінді, оның ішінде жас ғалымдардың жобаларына (12 жоба) – 28 500 000 тг., 2021 жылғы республикалық ғылыми ұйымдармен (ҚР ҒЗИ) интеграциялық жобаларға: 8 жоба – 39 млн. теңге, университеттің ғылыми орталықтары мен зертханаларының 7 жобасына – 28 млн. 865 мың теңге бөлінді.

Халықаралық жобаларды жүзеге асыруға 80 миллион теңге бөлінді (7 жоба); сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамы Германия, АҚШ, Швейцария және Дүниежүзілік банктің шетелдік ұйымдары қаржыландыратын 6 жобаға қатысты.

2021 жылы Жас ғалымдар ҚР БҒМ гранттық қаржыландыруға арналған ғылыми жобаларының конкурстарына белсенді қатысты: 19 өтінім берілді, 1 жоба жеңді, 2022-2024 жылдарға арналған басқа өтінімдер бойынша шешім күтілуде.

Ғылымның кадрлық резервінің әлеуетін арттыру үшін Абай атындағы ҚазҰПУ-да жыл сайын профессор-зерттеуші және постдокторлық бағдарлама стипендияты лауазымдарына ашық конкурстар өткізіледі. 2021 жылы 3 профессор-зерттеуші мен 10 постдокторант жұмыс істесе, 2022 жылы 5 профессор-зерттеуші мен 7 постдокторант қабылданды.

Педагогикалық зерттеу университеті ретінде ҚазҰПУ-дың стратегиялық дамуы республикалық ғылыми-зерттеу ұйымдарымен өзара ынтымақтастық есебінен қамтамасыз етіледі: ҚР ҒЗИ-мен 20 келісімшарт жасалды.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ғылыми кадрлық әлеуеті жоғары:

2021 жылы ҚР ЖОО ПОҚ бас рейтингінің Топ-50 құрамына 3 профессор кірді; 2 профессор 2021 жылғы мемлекеттік ғылыми стипендиялардың иегерлері болып табылады. 2021 жылы ҚР «ЖОО үздік оқытушысы» атағына 2 профессор ие болды, сондай-ақ 2022 жылға арналған конкурс бойынша бұл атақты 7 үздік оқытушы алды. 2021 жылдың аяғында өткізілген байқаулар бойынша, 2022 жылы 2 профессор-оқытушы Мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері атанды, 4 профессор 2022 жылы «Үздік ғылыми қызметкер» атағының, 14 оқытушы 2022 жылғы «Болашақ» стипендиясының иегері атанды.

Құрамы 4 комитеттен (ақпараттық, ғылыми-әдістемелік, әдеп жөніндегі, ынтымақтастық) тұратын Жас зерттеушілер кеңесі құрылды. Жас зерттеушілердің жетістіктерін 39 студенттің халықаралық олимпиадалардың, 76 студенттің республикалық олимпиадалардың лауреаттары мен жүлдегерлері атануы растайды. 7 жас ғалым президенттік стипендияның, медальдардың, түрлі деңгейдегі атақтардың иегері атанды.

Жалпы университет бойынша 2021 жылы профессорлық-оқытушылық құраммен (докторанттарды қоспағанда) 2693 ғылыми жұмыс және БАҚ-та 181 ғылыми-көпшілік мақала жарияланды, барлығы – 2874. Scopus және WoS-та индекстелетін шетелдік журналдардағы ПОҚ (докторанттарды қоспағанда) мақалаларының жалпы саны – 187; 350 Хирш индексі бар. Атап айтқанда, 0-ден 25-ке дейінгі процентильді журналдардағы

мақалалар – 24; 25-тен 35-ке дейінпроцентильді – 31; 35-тен 50-ге дейінпроцентильді – 32; 50-ден 75-ке дейінпроцентильді – 66; 75-тен жоғары және одан жоғары процентильді журналдарда – 33. 5 профессор шетелдік ғылыми журналдардың редакциялық алқа мүшелері және сарапшылары болып табылады.

2021 жылы университеттің ПОҚ 2 патент және 41 зияткерлік меншік объектілеріне авторлық куәлік алды.

Абай атындағыҚазҰПУ-да 15 ғылыми журнал шығарылады. 2021 жылы ҚР БҒМ қойғанбарлықталаптары орындалған, соның ішінде жеке веб-сайты әзірленген, 5 ғылыми журнал БҒСҚК ұсынғанбасылымдартізбесінекірді: Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы журналының «Физика-математика ғылымдары», «Психология», «Педагогика ғылымдары», «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериялары, «Педагогика және психология» ғылыми-әдістемелік журналы.

2021 жылы ПОҚ үшін 15 халықаралықжәне 12 республикалықконференциялар, 164 бейнеконференциялар мен вебинарларөтті.

Университетте жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жүзеге асырылады. 2021/2022 оқу жылында магистранттар контингенті – 1424 адамды, докторанттар – 243 адамды құрады, бұл ғылыми кадрлар резервін даярлаудың тұрақты сақталуын көрсетеді. 2021 жылы бағдарламалық аккредиттеуден докторантура мен магистратураның 17 мамандығы өтті.

2021 жылдың қаңтар айынан бастап бейіні бойынша PhD докторлық диссертацияларды қорғау бойынша 14 Диссертациялық кеңес жұмыс істейді, сонымен қатар 2 Диссертациялық кеңес (6D010700 – Бейнелеу өнері және сызу, 6D060200 – Информатика) жабылды. Абай атындағы ҚазҰПУ Диссертациялық кеңесінің базасында басқа жоғары оқу орындарының докторанттарымен бірге 19 диссертация қорғалды.

Абай атындағы ҚазҰПУ студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық жыл сайынғы конкурсының ұйымдастырушысы болып табылады. 2021 жылы университеттің 31 студенті мен 11 магистранты ІІ кезеңнің жеңімпаздары атанып, ҚР Білім және ғылым министрінің 1-3 дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің коммерциализациясына келетін болсақ, 2021 жылы білім берудегі инклюзия бойынша коммерциялық курстар өткізіліп, университет кірісіне 230 мың теңге түсті .